

Қазақстандағы исламдық қаржыландыруды бағалау және саланы дамыту мүмкіндіктері

Г.Ж. Азретбергенова¹, А.О. Сыздықова², А.А. Сапарова³, Ж.К. Жетібаев⁴

Алынды: Қыркүйек 14, 2020 Жаңартылды: Қазан 25, 2020 Қабылданды: Қараша 05, 2020

Түйін

Исламдық банктік жүйенің эволюциясын, әсіресе ХХ ғасырдың соңғы он жылында, яғни 90 жылдардан кейін қарасақ, исламдық банк әлемде де, Орталық Азияда да айтарлықтай даму қарқынына қол жеткізгендігін атап өту керек. Орталық Азияның маңызды елдерінің бірі Қазақстанда, исламдық банк жүйесі аймақтағы даму үрдісімен қатар дамуда. Исламдық банк әсіресе 2008 жылғы әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарынан маңыздылығы артты. Шын мәнінде, 2030 жылға қарай Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдері үшін ислам орталығына айналады, осылайша исламдық қаржыландыруды дамытудың маңызды кілті болады деп күтілуде. Исламдық банк жүйесінің қаржы саласындағы маңыздылығын ескере отырып, бұл зерттеуде Қазақстандағы исламдық банкінгің өткені, бүгінгі және болашағы қарастырылды.

Түйін сөздер: исламдық банк жүйесі, дәстүрлі банк секторы, шариғат. Қазақстан, сукук, такафул, пайыз, Ислам Даму Банкі.

Аннотация

В процессе эволюции, особенно после 1990-х годов, исламский банкинг получил важный импульс развития как в мире, так и в Центральной Азии. В Казахстане, одной из значимых стран Центральной Азии, исламский банкинг развивается параллельно с тенденцией развития региона в целом. Исламская банковская система стала активна после глобального экономического кризиса 2008 года. Аналитики считают, что к 2030 году Казахстан станет исламским центром среди стран СНГ и Центральной Азии, таким образом, станет важной ключевой страной для развития исламской финансовой системы. Ввиду этой важности в исламском банковском секторе, данное исследование сосредоточено на прошлом, настоящем и будущем исламского банкинга в Казахстане.

Ключевые слова: исламский банкинг, традиционный банкинг, шариат. Казахстан, Сукук, Такафул, процент, Исламский банк развития.

Abstract

When we look at the evolution of Islamic banking, especially after the 1990s, it is noteworthy that Islamic banking has achieved an important development momentum both in the world and in Central Asia. In Kazakhstan, one of the important countries of Central Asia, Islamic banking is also developed parallel to the development trend in the region. Islamic banking has been on the agenda especially in the aftermath of the 2008 global economic crisis. In fact, it is thought that by 2030, Kazakhstan will become an Islamic center for the CIS and Central Asian countries, thus becoming an important key country for the development of Islamic finance. In view of this importance in the Islamic banking sector, this study focuses on the past, present and future of Islamic banking in Kazakhstan.

Keywords: Islamic banking, traditional banking, Sharia, Kazakhstan, Sukuk, Takaful, Riba, Islamic Development Bank

Кіріспе

Исламдық қаржыландырудың Қазақстандағы қалыптасту ерекшеліктеріне тоқталып, исламдық банкінгің еліміздегі соңғы он жылдағы өткен тарихына шолу жасап, даму үрдісіне сипаттама бердік. Қазіргі кезеңдегі жаһандық дағдарыс барысында исламдық банкінг өміршеңдігін көрсетті. Исламдық қаржыландыру жүйесінің ерек-

шілігі, барлық шаруашылық қызметтерді қамти алады яғни, жеке тұлғаның қажеттілігінен бастап, мемлекеттің мәселелерін шешуде де оңтайлылық танытады. Исламдық банкінгің жемісті жұмыс жасау мүмкіндігі, қоғамның барлық салалалары құқықтық, саяси және әлеуметтік база шариғатқа негізделген болуы шарт болып саналады. Алайда соңғы мәліметтерге сүйенсек, исламдық

1 Э.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: gulaj@mail.ru

2 PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: azizayesevi@gmail.com

3 Э.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: sainura_1977@mail.ru

4 PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: zhanture.zhetibayev@ayu.edu.kz

қаржыландыру мұсылман мемлекеттерінен басқа да батыс мемлекеттерінде даму үрдісін көрсетеді. Әлемде исламдық қаржыландыру секторы қарқынды даму үстінде, жылда 15-20 пайызға өсу деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар әлемде 400 қаржылық институттары өзінің тәжірибесінде қолданып, олардың жылдық айналымы 800 млрд долларды құрады. Сонымен қатар исламдық банкіктің жаңашылдығы ретінде, яғни еліміздегі қаржыландыру жүйесінде исламдық қаржыландырудың хронологиясын, тарихи қалыптасуындағы кезеңдерге шолу жасаумен қатар, исламдық банкіктің қаржылық ұтымдылығынан да бұрын, активтерге негізделген қаржылық жүйенің әлеуметтік жауапкершілікті, қауіп-қатерді бөлісу сияқты бірқатар артықшылықтарын, еліміздің қаржыландыру жүйесіне енгізуді қарастыру болып табылады. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, ұсыныстар жасау мақсатында елдің исламдық қаржыландыруды дамытудың мемлекеттік жоспарлары мен соңғы 10 жылдағы нақты жағдайдың арасындағы қатынасты айқындау болып табылады. Қазақстанда исламдық қаржыландыруды енгізу мен дамытуда бірқатар негізгі экономикалық және әлеуметтік қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Исламдық қаржыландыру 1970-ші жылдардан бастап тұрақты түрде дамып келеді, бірақ исламдық қаржыландырудың өсуі көбінесе араб мемлекеттерінде және Оңтүстік-Шығыс Азияның мұсылман дінін ұстанатын аймағында (әсіресе Малайзия) шоғырланды [1]. Исламдық қаржы ресурстарын бағыттауға қызмет ететін Лондон немесе Нью-Йорк сияқты жаһандық қаржы орталықтарының ерекшеліктері байқалады. [2]. Алайда, 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан және жаңа мемлекеттердің пайда болуынан бастап, Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказдың мұсылман дінін ұстанатын елдер аймағында исламдық қаржыландыруға негізделген банк жүйесі пайда болғанына күә болды. 1990 жылдардың ортасында Орталық Азия елдерінің көпшілігі Ислам Конференциясы Ұйымына (ИБҰ) мүшелікке бағытталған, Ислам Даму Банкінің (ИДБ) ресурстарын пайдалануға мүмкіндік берді.

Аймақтың әр елі заманауи қоғамдық-саяси және экономикалық құрылымының сипатына қарай әртүрлі дәрежеде исламдық банк жүйесімен қаржыландыру құралдарын қолданды. Атап айтқанда, Қазақстан билігі қабылдаған қадамдар, оның ішінде Қазақстандағы исламдық қаржы индустриясына шолу және заңнамалар шеңбері, жол

қартасы, алғашқы исламдық институттардың ашылуы және алғашқы исламдық қаржы институттарының ашылуы исламдық банкінг үшін жақсы мүмкіндік ұсынады [3]. Содан бері Қазақстан Республикасының үкіметі исламдық қаржыландыруды алға бастыру туралы шешім қабылдады [4]. Негізгі міндеттердің бірі - индустриялық аудандарды дамытуға тартылатын ұзақ мерзімді инвестицияларды дәйекті түрде тарту. Екінші міндет - қаржыландырудың бір көзіне тәуелділікті азайтуға бағытталған инвестициялық ағындар арқылы әртараптандыруды басқару. Тағы бір міндет - экономикалық тұрақтылық пен исламдық қаржыландыру жүйелерінің функцияларын мыналар негізінде реттеу: (1) инвестициялық капиталды тарту және осы инвестициялық ағындарды қолда бар қосымша құнды құру үшін нақты экономикаға бағыттау; (2) пайыздық мөлшерлемелерді жеңілдету; (3) тәуекелі бар тұлғалармен жасалатын операцияларға қатысты алып-сатарлыққа тыйым салу; (4) қаржы операцияларына қатысушы тараптар арасында тәуекелдерді бөлу; және (5) әлеуметтік-белсенді қызмет [5]. Соңғы жылдары исламдық банкікті Қазақстанның қаржылық құрылымына енгізу кеңінен талқыланды. Исламдық банкіктің мәнін түсіну үшін алдымен исламдық қаржыландыру мен ислам экономикасын анықтау қажет.

Әдебиеттерге шолу

Негізгі арнайы әдебиеттердің сараптамасы көрсеткендей, ислам экономикасы ислам дінінің моральдық құндылықтары мен құқықтық регламенттеріне негізделген қаржылық-экономикалық жүйе ретінде түсініледі. Бұл жүйенің идеологиялық негізі Құран аяттарына және мұсылман ғалымдарының экономикалық көзқарастарына және шариғаттың ислам заңдарына негізделген. Ислам экономикасы құрылымындағы экономикалық активтер арасындағы қатынастарда әділеттілік принциптері мен ережелеріне үлкен мән беріледі. Ислам құқығы тұрғысынан, шариғат нормаларына қайшы келетін кез-келген экономикалық қызметке жол берілмейді [6]. Исламдық банктер қызметінің басты ерекшелігі - пайыздарға тыйым салу, Рибә. Шариғат Рибаны әділетсіз пайда деп санайды, өйткені несие беруші оны алуға тырыспайды [7].

Мударәба және Мушарәка классикалық исламдық қаржыландыру өнімдері - несие беруші мен қарыз алушыдан жобаға қатысуды талап етеді. Исламдық сауданы қаржыландыру кезінде өнімді сатып алуды банк жүзеге

асыруы керек немесе тапсырыс берушіге беруі керек. Осыған байланысты исламдық сауданы қаржыландыру дәстүрлі несиеден ерекшеленеді [8]. Исламдық қаржылық жүйенің маңызды элементі ретінде қатысушы банктер, исламдық сақтандыру компаниялары, өзара қорлар қарастырылады [9].

Бүгінгі таңда Қазақстанда исламдық банкті дамытудың жақсы перспективалары бар. Отандық банктер өздерінің тәуекелдерін әртараптандыруға мүдделі. Себебі дәстүрлі банк жүйесімен қатар, исламдық қаржыландыруды өздерінің тәжірибесінде қолдануды қолға алу арқылы банктер қауіптерін азайтуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар исламдық банкингті енгізу араб елдерімен және олардың қаржы-несиелік институттарымен экономикалық қатынастардың дамуына ықпал етеді және Таяу Шығыстан ақша тартуға жақсы мүмкіндік береді.

Пайда болуы және дамуы

Исламдық қаржыландырудың дамуы және оның әлемдегі қазіргі жағдайына қаржыландырудың негізгі бағытын айқындайды. Пайызсыз банк секторы немесе исламдық қаржыландыру жүйесі; діни себептерге байланысты пайызсыз жинақталған ақшасын бағалау және заманауи банктік қызметтерді ұсыну пайызбен жұмыс істейтін дәстүрлі банктерге балама ретінде құрылған қаржы институттары болып табылады.

Сонымен қатар исламдық қаржыландыру жүйесінде тұтынушыларына ауқымды сараптама жүргізіп, сіздің қажеттілігіңіздің мұқтажыңызды сараптайды. Егерде сіздің активтеріңіздің көлемі ауқымды болса банк өзінің қызметіне басқа сома дайындайды, ал егер де сіздің қаражатыңыз аз болса, капиталыңыздың көлеміне қарай сізге басқа сома тағайындайды. Яғни тұтынушының қаражатының көлеміне қарай банк қызметінің сомасы айқындалады.

Ислам дінінің пайызға тыйым салуы мұсылман елдерінде балама банк жүйесін құруға қажеттілік туындады. Исламдық банктердің алғашқы тәжірибесі 1963 жылы Египеттің Дахила қаласындағы Мит Гамр қаласында құрылған жергілікті жинақ банктері болды. Бұл Джемал Абдул Насырдың президенттік кезіндегі барлық банктерді ұлттандыруға балама ретінде жасалынған эксперимент нәтижесінде пайда болды [10].

Қазіргі заманғы қаржылық әдістерді қолдану және исламдық қағидаларға сәйкес қаржы институттарының пайда болуы 1970 жылдармен сәйкес келді. 1971 жылы Египет мемлекетінің қолдауымен Наср әлеуметтік

банкі пайызсыз коммерциялық банк ретінде құрылды. Наср әлеуметтік банкінің құрылуымен теориясыз пайызсыз банкинг практикаға енгізілді [11]. Алайда, 1970 жылдардағы бірқатар конференциялар институционалды негізді анықтауға көмектесу үшін дінтанушылар мен қаржы сарапшыларын жинады. Осы конференциялардан кейін пайызсыз банкинг саласында жұмыс істейтін алғашқы қаржы институттары құрыла бастады [12].

1975 жылы 20 қазанда Ислам Даму Банкі (ИДБ) Азиядағы және Африкадағы 29 исламдық елдердің қатысуымен халықаралық деңгейде алғашқы исламдық пайызсыз банк ретінде құрылды. Одан кейін Дубай Ислам Банкі (1975), Египет Файсал Ислам Банкі (1977), Кувейт Қаржы Корпорациясы (1977), Судан Ислам Банкі (1977), Иордан Ислам Банкі (1978) және Бахрейн Ислам Банкі (1979) болды. 1981 жылы халықаралық деңгейде пайызсыз банкингті жүзеге асыру үшін Багамада Дар-Мал-әл-Ислам және Аль-Барака компаниялар тобы құрылды [13].

Қазіргі таңда әлемдегі қаржыландыру секторындағы исламдық қаржыландыру жүйесінің даму деңгейін, оның оң дамуына жұмылдыратын инвестицияға әсері талқыланады. Нәтижесінде исламдық банк қаржыландыру жүйесінің әлемдегі орны оның елімізге енгізудің оң жақты факторларын талқылау болып табылады. Исламдық банк секторы өсуді жалғастырды және 2001 жылы бұл банктер мен мекемелердің саны 267-ден асты. 2005 жылғы есептерге сәйкес, ислам банктері 2004 жылы классикалық коммерциялық банктерге қарағанда едәуір өсуді көрсетті [12]. Атап айтқанда, 2008 жылғы жаһандық дағдарыс банк-қаржы жүйесінің күйреуіне себеп болды, бұл ретте исламдық банкинг пен қаржыландыруды зерттеу орталықтары мен академиялық бағдарламалар жүйелік дағдарыстардың алдын-алу құралы бола алады деген ой қабылданды. Бұл тұрғыда пайызсыз қаржыландыру немесе этикалық қаржыландыру деп аталатын исламдық қаржыландыру жүйелік тәуекелдерді төмендету және тәуекелдерді бөлуге негізделген активтерге негізделген құрылымы мен нақты экономика арасындағы байланысты орнату тұрғысынан маңызды балама ұсынады.

Ислам ережелеріне негізделген әлемдегі қаржы активтерінің жалпы көлемі 1990 жылы 150 млрд АҚШ долларын құрады, ал қазіргі таңда 2 трлн АҚШ долларынан асты (1-кесте). Исламдық қаржылық операциялар жылына шамамен 15-20% өседі. Алайда, исламдық қаржыландырудың әлеуеті бүкіл әлемде, әсіресе мұсылман халқы басым елдерде

анағұрлым жоғары. Бұл әлеует жеткілікті дәрежеде бағаланып жатқан жоқ.

Екінші жағынан, исламдық қаржыландыру орталығы болуға ұмтылу мұсылман елдері үшін ғана емес, сонымен қатар Англия және Люксембург сияқты Батыс елдері үшін де мақсат болып табылады. Мысалы, Ұлыбритания 2001 жылы Орталық ислам банкінде елде исламдық қаржыландыру секторын құру және осы саладағы кедергілерді анықтау үшін жұмыс тобын құрды, ал 2011 жылы «Исламдық қаржыландыру секретариаты исламдық қаржыландыруды дамытуды үйлестіру және қолдау үшін жұмыс жасады. 2014 жылы 200 миллион фунт стерлинг көлеміндегі алғашқы сукук эмиссияланды. Сондықтан исламдық қаржыландыру мен осы саладағы бәсекелестікке деген қызығушылық пен бағдар мұсылман елдерінде ғана емес, бүкіл әлемде маңызды болып табылады [14].

Кестеден көріп отырғанымыздай, ислам ережелеріне сәйкес қаржылық операциялар жылына шамамен 15-20% өседі. Бүгінгі таңда сауда көлемі 2 трлн доллардан асады.

Осыдан байқағанымыздай, исламдық қаржыландыру 70-ші жылдардан бастап тұрақты дамып келеді, бірақ өсімнің көп бөлігі араб мемлекеттерінде және Оңтүстік-Шығыс Азияда, негізінен мұсылман аймақтарында шоғырланды. Мүмкін, бұл мәселенің жалғыз ерекшеліктері олардың исламдық қаржы ресурстарын басқару мен басқарудың ұйымдастырушылық орталығы ретінде қызмет етуі мүмкін.

Исламдық қаржыландыру жүйесінде Исламдық банк активтерінің жалпы активтері 1435,1 млрд құрайды. АҚШ үлесі 136,2 млрд долларды құрайды. Жалпы қаржы активтердің 91 пайызы ислам мемлекеттерінің активтері 91% құрайды (сурет 1).


Бұл суретте көргеніміздей, әлемдегі алпауыт мемлекет АҚШ-та исламдық қаржыландырудың 9 пайызды құрап отыр. Бұдан шығатын қорытынды біздің елімізде исламдық қаржыландыру жүйесін біртіндеп, еліміздің қаржы секторына енгізудің ешқандай қауіптілігі жоқ деп есептейміз.

Қазіргі таңда исламдық қаржыландыру жүйесі жаңа бағытқа қарай дамып жатыр деп толығымен айта аламыз. Себебі мұсылман мемлекеттерінде кең етек алуымен қатар, АҚШ, Ұлыбритания сияқты, сонымен қатар Босния Герцеговина, Қырғызстан елдерінде кеңінен қолдану жүйесі қалыптасуда.

Кесте 1 – Исламдық банк жүйесінің қаржы активтері, млрд АҚШ доллары

Мемлекеттер	2017 жылдың жиынтқы активтері	2007-2017 жж орташа өсім (%)
Иран	560	12.70
Сауд Арабиясы	401	20.95
Малайзия	335	20.89
БАӘ	197	18.58
Кувейт	121	8.12
Бахрейн	43	7.49
Катар	130	28.11
Түркия	81	24.41
Англия	61	13.47
Индонезия	66	56.06
Бангладеш	31	20.00
Мысыр	31	20.39
Судан	24	18.68
Пәкістан	23	17.55
Иордания	19	27.98
Ирак	25	24.44
Басқа елдер	145	49.25
Жалпы	2,293	17.82

Дереккөз: www.ifsb.org негізінде құрастырылған.




Ескертпе - IFSB мәліметтері негізінде автор құрастырған

Сурет 1 – Қаржыландыру жүйесінде исламдық банк активтерінің жалпы активтері

2019 жылдың IFSI қортындысы бойынша исламдық қаржыландыру жүйесінде біршама өзгерістер орын алды. Ұлыбританияның ЕуроОдақтың шығуына байланысты, Brexit тұйығының белгісіздігін жеңуге талпынуда өз мөлшерлемесін көтерді. Ұлыбритания банкілері ал Еуропалық Орталық банк өзінің таза активтерін сатып алуды 2018 жылы 3Q18-ге дейін қысқартты, бірақ біртіндеп 4Q18-ге шегінді. АҚШ экономикасы фискалдық

ынталандырудың әлсіреуіне және пайыздық мөлшерлемелердің артуына байланысты экономикалық өсу қарқыны азайды. Ұқсас жағдай мұнай өндіруші елдерде және қалыптасқан нарықтық экономикасы бар экспорттаушы елдерде байқалады, онда шикі мұнай бағасының құбылмалылығы байқалды, олар 2018 жылдың соңында күрт төмендеді. Барлық осы факторлар 2018 жылы әлемдік экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуінің негізгі факторларына айналды (сурет 2).



Сурет 2 – Саланың жаһандық құрамы IFSI (2018)

Әлемдік қаржы секторындағы банк жүйесінде IFSI қаржылық мөлшері өткен жылдармен салыстырғанда баяу болса да, оң өсімді сақтай алды. Қаржының мөлшері мен жалпы құны үш негізгі секторларда (банк ісі, капитал нарығы және такафил) 2018 жылы 2,19 трлн АҚШ долларына бағаланады (кесте 1).


Бұл кестеден көргеніміздей жылдық есеппен активтердің 6,9%-ға доллар өсуін білдіреді. АҚШ-тың барлық үш секторы өсімге белсенді ықпал етті, бірақ көрсеткіштердегі негізгі өсу деңгейі ислам капитал нарықтарында байқалды. 2017 жылдан бастап ЗКВ18 дейін дамушы нарықтардың бірнеше валютасының ұзақ құнсыздануына қарамастан, жалпы өсімге қол жеткізілді, бұл онда активтердің долларлық құнының төмендеуіне алып келді.

Әлемдік қор нарығы өткен жылға қарағанда баяу болса да, 22% өсудің оң үрдісін жалғастырды және 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша негізгі ислам қаржы нарықтарындағы күшті егемендік және көпжақты эмиссиялар аясында 530,4 млрд доллар деңгейінде (2017 ж. – 434,8 млрд доллар). Нарықтық Дебюттер экологиялық таза экологиялық жобаларды қаржыландыру және Марокконың егеменді эмиссиясы үшін бірінші Индонезиялық жасыл егеменді шукуктен тұрды. Сонымен қатар 2018 жылы дамыған және дамушы нарықтардың қор нарығы көрсеткіштерінің нашарлауына сәйкес, 4 ислам қорларының активтері 8,5%-ға төмендеп, 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша 61,5 млрд АҚШ доллары құрады (2017 ж. – 66,7 млрд доллар). Осы баяу өсімге қарамастан, ICM екі секторына ислам қаржы индустриясындағы жоғары үлес тиесілі, IFSI жаһандық активтерінің 27%-ынан бастап (2017 ж. – 22,8%) – ICM жаһандық IFSI негізгі және өміршең компоненті ретінде одан әрі дамудың артуын көрсетеді (сурет 3).

Қазақстандағы исламдық қаржыландырудың қалыптасуының басталуы әлемдік банк Абу-Дабиден жаңадан құрылған «Аль-Хилал» банкі келісім шарт негізінде арнайы қорғау шарты бойынша Алматыда филиалын ашты. Алғашқы ислам банкі Al Hilal 2010 жылы құрылған кейін, Қазақстандағы исламдық қаржы ұйымдарының саны жыл сайын артып келеді.

Еліміздегі дәстүрлі режимнен исламдық лицензияға ауыстырылған екінші ислам банкі, 2017 жылы іске қосылып, 7 жылдан кейін ғана жүзеге асырылды. Банктің веб-сайтындағы ақпаратқа сәйкес, Банктің акционерлерінің бірі - жеке секторды дамыту Ислам Корпорациясы (ICD) көп тарапты ұйым болып табылатын және Ислам Даму Банкі тобының (ИДБ) мүшесі болып табылады. Банк «Shariyah Review Bureau» жетекші халықаралық компанияның серіктесі болып табылады.

Лондон және Нью-Йорк сияқты әлемдік қаржы орталықтары, мұсылман елдерінің ішінде Иран, Пәкістан және Судан шарифат ережелеріне толықтай сәйкес келетін исламдық қаржылық жүйеге ие [1]. Басқа мұсылман елдерінде исламдық қаржыландырудың дамуы шарифат ережелеріне толық сәйкес келмейді [9].



Ескертпе – IFSB мәліметтері негізінде автор құрастырған

Сурет 3 – Жалпы әлемдік банкідегі мемлекеттердің ислам банкингінің үлесі 2019 ж.

Ерекшіліктері мен мүмкіндіктері

40-қа жуық ел исламдық қаржыландыру банкінде белсенді жұмыс жасайды. Иран, Сауд Арабиясы және Кувейт - жетекші елдер. Исламдық қаржыландыру туралы жаһандық есеп 2018 исламдық қаржыландыру секторының прогресс индексі - мұсылман көп тұратын ел, мұнда ел халқының көп бөлігі исламдық қаржыландыру секторы болып табылады. Батыс консультанттарының пікіріне қарама-қайшы, ол исламдық қаржыландыру банкілері исламдық елдерге көбірек назар аударуы керек, мысалы, жүйеге деген сұраныс ислам елдерінен туындайды және сектор бұл елдерде өзінің толық әлеуетіне жете бермейді. Халықаралық институттар мен ұйымдардың бағалауы мен бағалауы бойынша пайызсыз қаржы секторы тұрақты өсуді сақтайды деп күтілуде. Пайызсыз қаржыландыру жаһандық деңгейде ең жоғары өсуге қол жеткізетін секторлардың бірі болады деп күткендіктен, бүгінде көптеген

елдер пайызсыз қаржыландыру бойынша стратегиялық шешімдер қабылдады және осы шешімдерді біршама уақыттан бері мұқият орындауда.


2018 жылдың мамыр айындағы мәліметтерге сәйкес, IFSB-ның (Islamic Financial Services Board- Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңес) 185 мүшесі бар және оның құрамына 75 реттеуші және қадағалаушы органдар, 8 халықаралық үкіметаралық ұйымдар мен әлемнің 57 елінде жұмыс істейтін 102 қатысушы кіреді (қаржы институттары, кәсіби фирмалар, салалық қауымдастықтар және биржалар) (сурет 4) [15].

Қазақстандағы исламдық қаржыландырудың дамуы. Қазақстанда исламдық қаржыландырудың пайда болуы 1990-шы жылдардан басталады. Ең алғаш 1992 жылы қаңтарда Президенттің № 5 шешімімен Альбарака құрылды, осылайша Альбараканың негізін қалаушы Шейх Салех Камел еліміздің қаржы жүйесіне 100 миллион доллар

инвестиция салып, алғашқы шетелдік инвестор болды [16]. Қазақстан 1995 жылдың қарашасында ИДБ-не мүше болды және 1998 жылы Алматыда Орталық Азия мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші және жалғыз ИДБ кеңсесі ашылды. Бұл кеңсе арқылы ИДБ елде исламдық қаржыландыруды қалыптастыру мен дамытуда маңызды рөл атқара бастады және ИДБ тобы жүзеге асыратын жобалар мен бастамалар Қазақстанның бірқатар экономикалық және әлеуметтік қиындықтарды оңтайландыруда оң ықпал етті.

Ислам банкингінің үлесі, млрд АҚШ доллары

■ АҚШ (107,5 млрд) ■ Ислам банкілері (430 млрд)



Сурет 4 – Сукук исламдық қаржыландыру жүйесіндегі заңды тұлғалардың үлесі 2019 ж.

Нарықта исламдық қаржыландыруды табысты дамыту үшін мынадай шарттар қажет:

- саяси және бизнес-қоғамдастықтың саланың дамуына ықпал етуге және қолдау көрсетуге дайындығы;

- шариғат қағидастарының сақталуын бақылайтын орталық қадағалау органын құру;

- бәсекелестік баға белгілеу;

- өтімділікті басқару құралдарын енгізу;

- қызметкерлерді исламдық қаржыландыру ерекшеліктері бойынша біліктілігін арттыру

Қазіргі таңда исламдық қаржыландырудағы табыстың негізгі факторы саяси және бизнес-қоғамдастықтың саланың дамуына ықпал етуге және қолдау көрсетуге дайын болып, дайындық заңнамаға түзетулер енгізудің және халықтың хабардарлық деңгейін арттыруды неғұрлым жылдамдатады. Исламдық банк депозиттерін салымдарды сақтандыру жүйесіне қосу және дефолттарды реттеу тетіктерін нақтылау, Қазақстандағы реттеуші органдар тарапынан мұқият қарауды талап ететін негізгі мәселелердің бірі.

Қазақстандағы исламдық қаржыландыру сегментіндегі операциялар көлемі біртіндеп ұлғаяуда. Осы кезеңде исламдық қаржыландыру қолданыстағы дәстүрлі банктік ұсыныстарды толықтырып, елдің қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандырудың тағы бір тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Заңнамадағы өзгерістер қазіргі кезеңдегі тежеуші факторларды, атап айтқанда дәстүрлі банктердегі исламдық қаржыландыруды дамытуға және пайданы бөлуді көздейтін инвестициялық шоттарды салымдарды сақтандыру жүйесіне қосуға байланысты факторларды жоюға ықпал етуі мүмкіндігі артады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қолдау шариғат қағидастарына сәйкес келетін өтімділікті басқару құралдарын банк жүйесінде және сукук облигацияларын жеке қаржы ұйымдарының шығаруы үшін жағдайлар жасау үшін маңызды мәнге ие болуға мүмкіндіктер мол. Үкімет кейбір мемлекеттік жобаларды қаржыландыру үшін сукук облигацияларын пайдалану туралы шешім қабылдауы мүмкін. Алайда, осы саланың табысты дамуы (сукук облигацияларын шығару немесе банк қызметі) дәстүрлі қаржы қызметтері саласымен салыстырғанда оның бәсекеге қабілеттілігіне едәуір дәрежеде тәуелді болады.

Қазақстандағы исламдық қаржыландырудың хронологиялық дамуын келесі түрде білдіруге болады [16].

Маусым 2009 жыл; Қазақстан Республикасының Заңы; Біріккен Араб Әмірлігі үкіметі мен Қазақстан арасында қол қойылған келісімге сәйкес Қазақстанда исламдық банктерін ашу туралы шешім қабылданды. Осы заңмен елдегі алғашқы толыққанды исламдық банкі Al Hilal Bank құру туралы алғашқы қадам жасалды.

2010 жыл; Такафул, бірлескен сақтандыру институты құрылды.

2010 жыл; Қазақстандағы алғашқы толыққанды исламдық банкі Al Hilal Bank құрылды.

Қараша 2011 жыл; Қазақстанның Даму Банкі исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңестің мүшесі ретінде қабылданды. 2015 жылы осы комитеттің толық мүшесі болды.

Наурыз 2012 жыл; Қазақстан үкіметінің қаулысымен елде исламдық қаржыландыруды дамыту үшін қажетті жол картасы қабылданды.

Шілде 2012 жыл; Қазақстанның Даму Банкі 76,7 миллион долларлық сукук шығарды.

2013 жыл; Қазақстанда алғашқы ислам лизингтік компаниясы құрылды.

Қыркүйек 2014 жыл; ТМД және Орталық Азия елдері үшін исламдық қаржы институттарын дамыту және реттеу бойынша дөңгелек үстел өтті.

Желтоқсан 2014 жыл; Қазақстанның Даму Банкі халықаралық исламдық қаржы нарықтары және исламдық қаржы институттары үшін есеп және аудит ұйымының мүшесі болды.

Сәуір 2015 жыл; Такафул мен лизингті қолдайтын заң, тауарлық мурабахаларды банктік операция деп тану, салықтық әкімшілендіру, исламдық банк операциялары және ислам банктеріндегі депозиттерді қабылдау тәртібі қабылданды.

Мамыр 2015 жыл; Алматыда Қазақстанның Даму Банкі Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі 12-ші саммитін өткізді.

Қараша 2015 жыл; Үкіметке ислам бағалы қағаздарын шығаруға және дәстүрлі банктерді исламдық банктерге айналдыруға мүмкіндік беретін заң қабылданды.

2017 жыл; Алғашқы дәстүрлі лизингтік компания SK Leasing исламдық лизинг беруші ретінде жұмысын бастады,

Тамыз 2017 жыл; Алғаш рет дәстүрлі банк Заман-банк толыққанды исламдық банкке айналды.

2018 жылдан бастап, Қазақстанда Астана халықаралық биржасы (AIX) құрылды, исламдық қаржы институттары бойынша есеп және аудит ұйымының және исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңестің мүшесі болды. AIFC Үздіксіз кәсіби даму бюросы исламдық қаржыландыру бойынша біліктілік сертификаты және Ұлыбританияның Бағалы қағаздар және инвестициялар институтымен бірлесе отырып, исламдық қаржыландыру саласындағы Бахрейн Банк және қаржы институтының (Бахрейн) исламдық қаржыландыру саласындағы білікті мамандарды дайындау жұмыстары жүргізілуде. AIFC (Бахрейн) бойынша кәсіби бухгалтердің біліктілігін арттыру, исламдық қаржыландыру бойынша халықаралық білім беру орталығында исламдық қаржыландыру саласындағы кәсіби сертификат беру Малайзия мемлекетінде құрылып, елімізде бөлімшесі ашылуда. Сондай-ақ қазіргі заманауи деңгейдегі сауда платформасы құрылды, оның стратегиялық серіктестері биржа индустриясының әлемдік көшбасшылары - Шанхай қор биржасы, Жібек жолы қоры, Nasdaq биржалық тобы және Goldman Sachs халықаралық қаржы тобы; FSB орталық шарифат кеңес беру кеңесі құрылды; ғаламдық исламдық қаржыландыру тарапынан марапат алды [17].

2019 жылы ZICO Shariah кеңес беру қызметтері Ислам даму банкінің техникалық қолдауымен AIFC-ке Қазақстандағы исламдық қаржыландыруды одан әрі дамытудың бас жоспарын (жол картасын) ұсынды.

Азия Даму Банкімен (АДБ) тығыз жұмыс жасай отырып, AIFC исламдық қаржыландыру және банктік қызмет, такафул және исламдық капитал нарығы үшін қолайлы құқықтық және реттеуші ортаны қалыптастыруда. Исламдық қаржыландыру туралы заңнаманы одан әрі дамыту үшін AIFC өкілдері Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі басқарманың техникалық комитетіне IFSB стандарттарын әзірлеу бойынша жұмыс топтарының құрамын бекітті.

AIFC исламдық қаржыландыру үшін толыққанды нарықты қалыптастырып, AIX-та исламдық бағалы қағаздар шығарылды: корпоративтік және тәуелсіз исламдық бағалы қағаздарды (сукук) шығару жоспарланған. AIFC исламдық қаржыландыру саласында жұмыс істейтін алғашқы компанияларды, соның ішінде Ислам банкін, Waqf Fund инвестициялық қорын, исламдық FinTech ұйымдарын, сондай-ақ заңды және консалтингтік компанияларды тіркеді [17].

Сукук және Такафул нарықтарының өсуі және басқа да әрекеттер. Қазақстанда 2025 жылға қарай елдің исламдық қаржыландыру активтерін 10%-ға арттыру, исламдық қаржыландыру өнімдері туралы хабардарлықты арттыру, исламдық қаржыландыру орталықтарына жарнамалық сапарларды ұйымдастыру, сукукқа, сондай-ақ зейнетақы қорына инвестициялау үшін ұлттық қор құру, дәстүрлі банктерге исламдық қаржыландыру өнімдерін ұсынуға мүмкіндік беру, жергілікті нарыққа 2020 жылға дейін 1,5 млрд доллар көлемінде сукукты шығару, исламдық қаржыландыру секторы үшін нарықты реттеу сияқты кіші мақсаттарға қол жеткізу жоспарланған [17].

Қазақстан Үкіметі орта мерзімді перспективада және елдің қолайлы нарықтық жағдайлары үшін қаржы тапшылығын қаржыландыру үшін сукукты эмиссиялайды. Бағалауға сәйкес, сукук купонының мөлшерлемесі кейбір тәуекелдерге негізделеді. Тұтастай алғанда, күтілетін баға дәстүрлі мемлекеттік бағалы қағаздармен салыстырылатын болады, өйткені эмитенттің несиелік тәуекелі бағаны қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады. Сукуктың шығарылымын үкімет көтермелейді, бірақ сукук бағасына қол жеткізу үшін дәстүрлі облигациялармен бәсекелесуге тура келеді.

Қазақстанның Даму Банкі - активтері 6 млрд. АҚШ долларынан асатын және 2012 жылдың 3 тамызында 75 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі исламдық облигациялар шығарған (Сукук) қаржылық инвестициялық институт. Осылайша, посткеңестік кеңістікте алғаш рет исламдық облигация шығарылды. Даму банкі шығарған сукуктың іске қосылуы банктің Қазақстан үкіметімен байланысы арқасында басқа сукук эмитенттерін ынталандыру үшін жақсы бастама болады деп саналады. Банкпен ұсынылған ақпаратқа сәйкес шығарылған сукук 45% активтерді басқару қорларымен, 34% – сақтандыру компанияларымен және 21% – банктермен алынған. Аймақтық айырмада сукуктардың 62% Малайзия аумағындағы және 38% Қазақстан аумағындағы инвесторлар тарапынан алынған [17].

Исламдық қаржыландыруды дамытумен айналысатын мемлекеттік мекемелердің қызметін үйлестіру үшін Қазақстан Үкіметі Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі Жол картасын бекітті және оны іске асыру исламдық қаржыландыру индустриясын дамыту үшін инвесторлар мен нарық қатысушыларын тарта отырып, тұрақты орта құруға ықпал етеді. Әрине, Қазақстанда исламдық қаржыландырудың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнаманы осы саланың қажеттіліктеріне бейімдеу үшін қосымша өзгерістер мен толықтырулар қажет болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Ұлттық банкі Қазақстанда исламдық қаржыландыруды одан әрі дамыту және исламдық сақтандыру принциптерін енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының сақтандыру және исламдық қаржыландыру туралы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын дайындауда.

Исламдық сақтандыру (такафул). Бүгінгі таңда «исламдық сақтандыру», сондай-ақ ислам сақтандыру компанияларын реттеуді көздейтін заң жобасы әзірленуде. Тиісті сақтандыру заңнамасының жоқтығынан 2010 жылы Қазақстанда лицензиясыз «Такафул» өзара сақтандыру қоғамы (Такафул ӨСҚ) бірінші сақтандыру компаниясы тіркелді. Компания өзіне мынадай мақсаттарды қояды [18]:

- Қазақстан нарығында исламдық сақтандыру қызметтерін ұсыну;
- Қазақстан Республикасында исламдық сақтандыру жүйесін дамытудың локомотиві болу;

- халық арасында исламдық сақтандыруды түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- исламдық сақтандыру нарығын жан жақты дамытуға мүмкіндік жасау;
- сақтандыру нарығында беделді бәсекелес болу;
- тұтынушыларды қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

2010 жылы сақтандыру компаниясымен 70-тен аса сақтандыру полистері берілді. 2011 жылы жаңа өнім – ерікті медициналық сақтандыру ендірілді. Бүгінде Такафул ӨСҚ өзінің клиенттеріне төмендегідей сақтандыру өнімдерін ұсынады:

а) шетелге шығатын туристерді ерікті медициналық сақтандыру. Осы өнім шеңберінде төмендегі бағдарламалар көзделген:

- «Қажылық»-такафул – қасиетті жер-лер – қажылық пен умраға қажылық ету мақсатында шетелге шығатын азаматтарды сақтандыру;
 - «Туризм» өзіне такафулды енгізеді – шетелге туристік сапарға немесе демалысқа шығатын туристерді сақтандыру;
 - «Білім алу» –білім алу жүйесіндегі отандық және шетелге шығатын студенттерді такафул-сақтандыру;
 - «Жұмыс» – іс-сапар бойынша жұмыс жасайтын, жалгерлік бойынша жұмысқа жіберілетін азаматтарды такафул-сақтандыру;
 - «Виза» – өзге мақсаттарда шетелге шығатын азаматтарды такафул-сақтандыру;
- б) бақытсыз жағдайлардан ерікті сақтандыру;
- в) ерікті медициналық сақтандыру

Қорытынды

Әлемдік тәжірбие көрсеткендей ислам дінін ұстанбайтын да мемлекеттер, соның ішінде исламдық қаржыландырудың сегменттерін банк жүйесінде Ұлыбритания мен Америкалардың банктері қолданысқа енгізгендіктен, 78 пайызы мұсылман дінін ұстанатын біздің елімізде толығымен исламдық қаржыландыру жүйесін енгізуге негіз бар деп санаймыз.

Қазақстандық исламдық банктік қызметті дамыту бойынша ұсыныстар. Қазақстандағы исламдық банктік жүйе және қаржыландыру бастапқы кезеңнен бастап реттеу, инфрақұрылым және нарыққа қатысушылар саны жағынан біртіндеп дамып келеді. Жалпы нарықтағы исламдық қаржыландыруға ахуалға жасанған сараптама бойынша, Қазақстандағы исламдық банктік секторды қаржыландыру нарықтың толық қол жетімді емес екенін көрсетеді. Осы негізде, саланы дамытуға арналған бірнеше

ұсыныстар орындалса, қазіргі таңда ағымда жұмыс жасап тұрған дәстүрлі қазақстандық банктік қызметтерден алға шығуға ықтималдық мүмкіндігін қарастыруға болады. Сонымен қатар дәстүрлі банк жұмысының кейбір бағытын исламдық банкинг жүйесіне ауыстыру болып табылады.

Еліміздегі исламдық қаржыландыру инвестициялары әлеуметтік-экономикалық мақсаттар бойынша дамыту көзделген. Осыған орай, тәуекелдермен басқарылатын шариғатқа сай келетін бизнес кәсіпорны үшін әрбір жасалған мәміле үшін «әлеуметтік-экономикалық жақсарту тестін жүргізу қажет. Яғни исламдық қаржыландыру арқылы елімізде әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталады. Сонымен қатар исламдық банкинг арқылы елімізде қаржылық ұйымдар мен кәсіпорындардың әріптестігі тең көлемде іске асады. Елімізде қаржыландыру жүйесінде исламдық банк жүйесін қалыптастыра отырып, әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Нарықтағы үлесі өте төмен дәрежеде болса да, банк секторы Қазақстанда жоғары әлеуетке ие. Банктік қаржыландыру жүйесін жетілдіру бағытын әртараптандыруда, исламдық банк және қаржы индустриясы өзінің бизнес стратегиясын қайта қарауы керек, осылайша еліміздің тұрғындары арасында ақпарат алмасу деңгейін арттыру қажет. Бұл исламдық өнімдердің әлеуетті нарығын арттырады.

Микроқаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешенге қаражаттың бағытталуын күшейтуі керек.

Ислам Даму Банкі исламдық банктік сектордың ең әлеуетті орталығы өзінің тәжірибесін біздің еліміздегі исламдық қаржыландыру жүйесін оңтайландыруда пайдалануы қажет, сонымен қатар Қазақстандағы ірі инвестициялық агент ретінде әрекет етуі керек.

Исламдық банктік жүйе мен қатар, нарықта исламдық қаржыландырудың мақсаттары мен миссиялары, қағидаттары мен тетіктері туралы ақпараттандыру бойынша шаралар қабылдануға тиіс.

Банкпен жұмысты жүргізуші құзіретті мекемелер исламдық қаржыландыру туралы заңнаманың базасын ҚР Үкіметінің Жол картасында және жақында қабылданған заң жобасында жоспарланғандай жетілдірілуін қамтамасыз етуі керек.

Исламдық қаржыландыру және банкингі саласында білікті мамандарды оқыту және әзірлеу жүйесін қарастыру керек.

Сондай-ақ исламдық қаржы өнімдері туралы тұрғындардың хабардарлығын және қаржы мәдениетін арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқу бағдарламалары немесе семинарлар ұйымдастыру қажет.

Қазақстандық қор биржасының (KASE) сукук сертификаттарын орналастыруды жүргізуге дайын жағдайға жеткізу. Биржаның бұрынғы басшылығы ислам бағалы қағаздарының эмиссиясы үшін техникалық шарттарды қалыптастыру мен шығару жұмыстары баяу жүргізілуде [18]. KASE сукуктың мүмкін эмиссиясын модельдеу және биржаның техникалық базасын жақсарту, Еуропадан (Ұлыбритания, Люксембург) сияқты, Таяу Шығыстан (Бахрейн, Дубай) және Оңтүстік-Шығыс Азия (Куала-Лумпур) елдерінен тәжірибелі кеңесшілерді тарту қажет.

Қазіргі кезде исламдық қаржыландыру мен исламдық банктер қаржы нарықтарында және әлемдік инвестициялық үдерістерде қарқынды жұмыс жасауда. Исламдық қаржыландыру сенім, құрмет, тәуекелді бөлу, міндеттемелерді орындау және пайданы әділ бөлу қағидаттарына негізделген. Бұл ислам банктерінің тек пайда табуға бағытталған дәстүрлі банктерден айырмашылығы, олар өз қызметінің қорытынды нәтижелерінде қызығушылығын қамтамасыз етеді. Исламдық банктік моделі тек қана банк секторында ғана емес, сонымен бірге тұтастай қаржы нарығының тұрақты дамуына ықпал ететін белгілі бір қасиеттер жиынтығына ие.

Сол себепті исламдық банктер олардың қызметінің ерекшелігі мен халықаралық тәжірибеге бейімделу қиындықтарына қарамастан, әлемдік қаржы нарығының белсенді қатысушысы болды. Исламдық банк Батыс Еуропаның дамыған елдерінде немесе мұсылман Араб елдерінде ғана емес, сонымен бірге Қазақстанда да таралды.

Қазақстанның исламдық қаржыландыруды дамыту бағытында қысқа тарихы бар және 2007 жылы басталған жаһандық қаржылық дағдарыстың салдарымен тығыз байланысты. Дүниежүзілік экономикадағы жүйелік дағдарыстар туралы пікірталастарда дағдарыстар негізінен қаржы секторы мен нақты сектордың арасындағы байланыс негізінде орын алды. Осы тұрғыда исламдық қаржыландыру әдістері жаһандық деңгейде дағдарысқа қарсы керемет балама ретінде қарастырылды. Пайызсыз қаржыландыру немесе этикалық қаржыландыру деп аталатын исламдық қаржыландыру жүйелік тәуекелдерді азайту тұрғысынан да, тәуекелдерді бөлу негізінде активтерге негізделген құрылымымен қаржы секторы мен нақты

экономика арасында берік байланыс орнатуда маңызды шешімдерді ұсынады.

Исламдық банкингіті ұлттық қаржы секторына интеграциялау үшін басқа елдердің тәжірибесін қолдану, ең алдымен, тиісті нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу, тиісті инфрақұрылымды қалыптастыру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, инвестор елдермен халықаралық ынтымақтастықты нығайту жұмыстарын кеңінен жүргізу керек.

Исламдық банкинг моделінің сипаттамаларын іс жүзінде пайдалану инновациялық банк өнімдері мен қызметтерін құру және заманауи банктік модернизация мәселелерін шешудегі перспективалы бағыт болып табылады.

Қазіргі таңда, әлемдік дағдарыс салдарынан мемлекеттердің қаржыландыру жүйесі тоқырауды бастан кешіріп жатқаны баршаға мәлім, исламдық банкинг өзінің тұрақтылығын сақтай отырып, экономикалық дағдарыс салдарын жеңіл түрде өтуде, бұған дәлел болатын басқа қаржыландыру жүйесінде банктер пайыздық үстемелерді өсіріп, бизнес саласындағы жеке тұлғалар банкротқа ұшырап жатқаны белгілі. Ал исламдық банкингінің негізі артықшылығы кез-келген бизнесті, өндірісті және мемлекеттік қаржылай қажеттіліктерді қанағаттандыру мен қаржыландыруда пайыздық емес, серіктестік бағытты ұстанады. Осы артықшылықтарын ескеріп, біздің еліміздің қаржыландыру жүйесі түгелімен исламдық қаржыландыру жүйесіне өтіп кетпесе де, кейбір салаларды исламдық банкинг қаржыландыруды қолданылуы керек деп тұжырымдаймыз.

Сонымен қатар исламдық банктен қаржыны сұрау барысында, арнайы Шарифат сараптама комиссиясы құрылып, сізге қажетті соманы беру барысында, сіздің жасап отырған бизнесіңізді және қаржылай мүмкіндіктеріңізді зерттей келе, қаржылық қолдауға шешім шығарады. Сондай-ақ ислам банкингітер міндетті түрде берген қаражат несие сомасының пайдалануды әрбір қадамын қадағалап отырады.

Қазақстанның банктік қаржыландыру жүйесінде ең сенімді жинақталған қаржы көзі кепілділігі бар депозиттер болып табылады, тұтынушылар депозиттерін исламдық банкингіге сеніп тапсырса, үстеме пайызымен қоса, депозиттерді кез-келген уақытта қайтарып алуға кепілдік береді.

Ал исламдық банкингітегі құнды қағаздардың соның ішінде сукуктың әлемдік қаржы жүйесінде кең ауқымды пайдаланылғандықтан алпауыт АҚШ-та 107,5 млрд \$ құрағандықтан, еліміздің 78 пайызы

мұсылман дінін ұстанғандықтан, отандық инвесторлардың көзқарасын өзгеретуге күш салып, құнды қағаздар нарығында ірі инвестор болуына ықпал жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Wolters A. Islamic finance in the states of Central Asia: Strategies, institutions, first experiences. – PFH Forschungspapiere/Research Papers, PFH Private Hochschule Göttingen, 2013. – №. 2013/01.
2. Baba R. 23 Islamic financial centres // Handbook of Islamic Banking. – 2013. – С. 384.
- 2 Khaki G.N., Malik B.A. Islamic Banking and Finance in Post-Soviet Central Asia with Special Reference to Kazakhstan //International Journal of Excellence in Islamic Banking and Finance. – 2014. – Т. 182. – №. 1784. – С. 1-28.
4. Kulibayeva D.V., Kazbekova Z.B. Islamic Banking and Financial System in Kazakhstan //Journal of Advanced Research in Law and Economics. – 2016. – Т. 7. – №. 5 (19). – С. 1096-1102.
5. Yüce M. & Eryılmaz Ö. Türkiye’de katılım bankacılığı’nın gelişim süreci. //In International congress of Islamic Economy. Finance and Ethics. — 2018. —V.7.-P. 171.
- 6 Hassan M.K. Islamic business research // Thunderbird International Business Review. – 2019. – Т. 61. – №. 5. – С. 655-657.
- 7 Hidayah N.N., Lowe A., Woods M. Accounting and pseudo spirituality in Islamic financial institutions //Critical Perspectives on Accounting. – 2019. – Т. 61. – С. 22-37.
8. Kuran T. Islam and Mammon: The economic predicaments of Islamism. – Princeton University Press, 2019.
- 9 Shayakhmetova K. et al. Islamic Finance in the Republic of Kazakhstan //Revista Espacios. – 2017. – Т. 38. – №. 53.
- 10 Mouawad S. G. A. The development of Islamic finance: Egypt as a case study //Journal of Money Laundering Control. – 2009.
11. Ozturk A. Yılmaz O. N. Faizsiz bankacılık ilkeleri ve katılım bankacılığı //Antalya, Turkey: Türkiye Katılım Bankaları Birliği. – 2010.
12. Sulaiman Ben, Khail A. H. The Board of Supervisors jurisprudential Islamic banking system// Postgraduate thesis at the Institute of Social Sciences, University of Kastamonu. 2017.
13. Bayindir S. Asian and African culture, a gift to the world: Interest-free banking// Icanas. — 2007. —V.17.№24.-P. 38.
- 14 Ok R., Atar A. Türkiye’de islam ekonomisi ve finansi alanında yapılmış akademik çalışmalar ile katılım bankalarının gelişimi arasındaki ilişki //Finans Ekonomi ve Sosyal Araştırmalar Dergisi (FESA). – Т. 4. – №. 4. – С. 504-513.
15. World Bank //IFSB Islamic Financial Services Industry (IFSI) Stability Report 2018. —2019. —P.38.

16. Saudabayev K. Foreign Direct Investment in Kazakhstan // Paper presented at OECD Global Forum on International Investment -2001. —P.2-5.

17. Nurbekov A. Regulatory and supervisory framework development and main challenges for Islamic finance in Kazakhstan. -2017. —P.12-18.

18. Байдаулет Е.Ә. Этикалық (ислам) қаржыландыру негіздері: Оқу құралы. — Екібастұз: PrimaLux, -2014. -Б.312.

15 IFSB (2019). Islamic Financial Services Industry (IFSI) Stability Report in 2018. Date Views 15.10.2019 www.ifsb.org

16 Saudabayev K. (2001). ‘Foreign Direct Investment in Kazakhstan’, paper presented at OECD Global Forum on International Investment, 26-27 November, Mexico City.

17 Nurbekov A. (2017). Regulatory and supervisory framework development and main challenges for Islamic finance in Kazakhstan. World Bank 12. Annual Conference, 5-6 November, Manama, Bahrain.

18 Bajdaulet E.Ә. Etikalyk (Islam) Karjylandyru Negzdery: Oqu quralı / E.Ә. Bajdaulet. - Ekibastuz: PrimaLux, 2014.-312b.

References

1 Wolters A. (2013). Islamic finance in the states of Central Asia: Strategies, institutions, first experiences No.01. 2013. PFH Forschungspapiere/Research Papers, PFH Private Hochschule Göttingen.

2 Baba R. (2007). 23 Islamic financial centres. Handbook of Islamic Banking, 384.

3 Khaki G. N., & Malik B. A. (2013). Islamic banking and finance in post-soviet central Asia with special reference to Kazakhstan. Journal of Islamic Banking and Finance, 1(1), 11-22.

4 Kulibayeva D. & Kazbekova Z. B. (2016). Islamic banking and financial system in Kazakhstan. Journal of Advanced Research in Law and Economics, v7, 5(19), 1096-1102.

5 Yüce. M. & Eryılmaz Ö. (2018). Türkiye’de katılım bankacılığının gelişim süreci. In International congress of Islamic Economy, Finance and Ethics p. 171.

6 Hassan M. K. (2019). Islamic business research. Thunderbird International Business Review, 61(5), 655-657.

7 Hidayah N. N., Lowe A., & Woods M. (2019). Accounting and pseudo spirituality in Islamic financial institutions. Critical Perspectives on Accounting, 61, 22-37.

8 Kuran T., (2018), “The Economic Impact of Islamism”, Date Views 17.10.2019 <http://assets.press.princeton.edu/chapters/s7731.pdf>.

9 Shayakmetova K., Tursumbayeva M., Kapysheva S., Darıbayeva A. & Zhussupov Y. (2017). Islamic finance in republic of Kazakhstan. Espacios, Vol. 38(53), 33-39.

10 Galal Abdullah Mouawad S. (2009). The development of Islamic finance: Egypt as a case study. Journal of Money Laundering Control, 12(1), 74-87.

11 Ozturk A. (2013). Faizsiz bankacılık ilkeleri ve katılım bankacılığı, Türkiye Katılım Bankaları Birliği. Erişim: Date Views 14.07.2019 <http://www.tkbb.org.tr/Documents/>.

12 Sulaiman Ben, Khail A. H. (2017). The Board of Supervisors jurisprudential Islamic banking system. Postgraduate thesis at the Institute of Social Sciences, University of Kastamonu

13 Bayindir S (2007). Asian and African culture, a gift to the world: Interest-free banking. 38 - 38. Icanas, 17, 24

14 Ok R, Atar A. (2019). Türkiye’de islam ekonomisi ve finansi alanında yapılmış akademik çalışmalar ile katılım bankalarının gelişimi arasındaki ilişki. Finans Ekonomi ve Sosyal Araştırmalar Dergisi. Cilt4/Sayı4. 31.12.2019.